

Сарапшылық банк кеңесін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 5 сәуір N 1638.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.07.16. N 3067
Жарлығымен.

Үйлестірілген қаржы-кредит саясаты мен банк қызметін белгілеу
мақсатында қаулы етемін:

1. Консультациялық-кеңесші орган - сарапшылық банк кеңесі
мына құрамда құрылсын:

Қажыгелдин Ә.М. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің
бірінші орынбасары, төраға

Абложей Л.И. - "КРАМДС-банк" инновациялық коммерциялық банкі
басқармасының төрағасы

Атшыбаева Р.Р. - "Қазжолбанк" акционерлік коммерциялық банкі
басқармасының төрағасы

Баймұратов Е.О. - "Тұранбанк" Қазақ акционерлік банкінің
басқармасы төрағасының орынбасары

Жолдасбеков А.М. - Қазақстандық Банкаралық Валюта Биржасының
биржалық кеңесі төрағасының орынбасары

Кәкімжанов З.Х. - Қазақстандық Банкаралық Валюта Биржасының
бас директоры

Мыңбаев С.М. - "Қазкоммерц-Банк" акционерлік коммерциялық
банкінің басқармасы төрағасының орынбасары

Святов С.А. - Қазтұтынуодағы Игілік-Банкі басқармасы
төрағасының орынбасары

Ли В.С. - Акционерлік Орталықбанк басқармасы
төрағасының бірінші орынбасары

Шәйкенов Н.А. - Қазақстан Республикасының Әділет министрі

2. Сарапшылық банк кеңесі:

- Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинетіне қаржы-кредит және банк қызметін жетілдіруге

бағытталған ұсыныстар енгізуге;

- Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар және Президент пен Министрлер Кабинеті Аппаратының бөлімдері әзірлейтін қаржы-кредит саясаты мен банк қызметіне қатысты заңдар мен басқа да нормативтік актілердің жобаларына қорытындылар беруге құқылы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер

кабинеті Аппаратының Экономикалық саясат және Қаржы, еңбек және халықты әлеуметтік жағынан қорғау бөлімдері Сарапшылық банк кеңесінің жұмыс органы болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Алматы, 1994 жылғы 5 сәуір
N 1638